

М.Қ.Жүнісова, Б.М.Рахимова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: zhunusovamk@mail.ru)

Әңгіме жанрының бастапқы және соңғы сөйлемдерінің авторлық баяндаумен берілуі

Мақалада әңгіме жанрының бастапқы сөйлемдеріндегі авторлық баяндауда нақ осы шақ формасы жиірек және сөйлемге экспрессивті реңк бере қолданылатындығы айтылды. Етістік баяндауыштардың сөйлемді шартты түрде аяқтап, мағыналық жағынан әлі айтары бар болып түзілуі әңгіме жанрының бастапқы сөйлемдерінде жиі кездесетіні дәлелденді. Соңғы сөйлемдердегі баяндауыштар әңгіменің соңғы шегінің мазмұнына сай, белгілі бір стильдік мағынада қолданылса, ал бастапқы сөйлемдерде табиғат құбылысын суреттеуге арналатындығы қарастырылды.

Кілт сөздер: әңгіме жанры, бастапқы сөйлем, соңғы сөйлем, авторлық баяндау.

Әңгіме жанрының бастапқы, не соңғы сөйлемдердерінде авторлық баяндаумен берілетін табиғат құбылысына қатысты баяндау-сипаттаулар әңгіме мазмұнына өзек болып қана қоймай, шығарманың әсерлі басталып, әсерлі аяқталуына ықпал етеді.

Әңгіме жанрының бастапқы сөйлемдеріндегі үшінші жақтық авторлық баяндауда нақ осы шақ формасы жиірек және сөйлемге экспрессивті реңк бере қолданылады: 1. *Той дүрілдеп жүріп жатыр* (К.Жүнісегі. Жетімнің оралуы). 2. *Операция сәтті жүріп жатыр* (С.Ғаббасов. Алғашқы махаббат).

Бұлардағы етістік-баяндауыштарды *дүрілдеп, сәтті* сөздері бейнелеуіш амал ретінде пысықтап, оқырманға іштей «Бәрекелді!» дегізіп, оның көңілінде үлкен ризашылық туғызғандай әсерлі ретте тұр.

Сондай-ақ *тұр* қалып етістігінің әңгімені аяқтаушы соңғы сөйлемдерде де жиі қолданылып, оқырманға әңгіменің финалын әсерлі жеткізуде де елеулі қызмет атқарады: 1. *Ал дәл ауыл үстінен өткен жоғары вольтты бағаналар телефон сымындай емес, үілдеген мұңлы үн де шығармай, серейіп тұр* (О.Бөкей. 200 грамм энергия). 2. *«Шіркін!» Жүрек әлдеқайда алып-ұшып елеуреп-ақ тұр* (Т.Нұрмағамбетов. Қайықшы). 3. *Ернияз жарты жолда шолақ жеңі бұлғалақтап, жападан-жалғыз көзі жасаурап селтиіп тұр* (М.Қаназов. Ескі қыстау). 4. *Құлашаның шоты адалбақанда әлі ілулі тұр* (О.Бөкей. Құлашаның шоты еді).

Келтірілген бастапқы сөйлемдердегі осы шақтағы іс-қимылды білдіріп, негізгі етістікпен тіркесіп келген *тұр* етістігінің оқырман көз алдына бейнеленген жай-күй, іс-әрекет, құбылыстарды қазір болып жатқандай елестетін әсерлі сипатқа ие. Демек, Бағаналардың серейіп тұрғаны; Ерекең қарттың жүрегінің алып-ұшып елеуреп-ақ тұрғаны; Ернияздың селтиіп тұрғаны әңгіменің соңғы шеніндегі авторлық баяндауды ашымды етіп, нақтылай түседі.

Ғалым Г.Әзімжанова жедел өткен шақ тұлғасының *-ды* қосымшасымен келген түрінің қолданыс аясының кең екеніне көңіл аудартады [1]. Мысалдарды көрейік: 1. *Қоңыржай, жұмсақ көктемнің жазға ауысар уағы-ды* (К.Ахметбеков. Жасаулы жасыл дүние). 2. *Хасекеңнің ит жүгіртіп, құс салып, мылтық атып жүргенде айтатын шынға бергісіз өтірігі ел арасына кең тараған-ды* (Ғ.Оралбаев. Хасекеңнің әңгімесі). 3. *Әңгіме қымыздан басталып кеткен-ді* (Ғ.Сланов. Жылқышы). 4. *Серкеш, таңсәріден түрегеп бір сағаттай жүгіріп, жаңа ғана ішке кірген-ді* (Е.Әкімқұлов. Кішкентай тарақан).

Алғашқы мысалдан басқасында *-ды* қосымшасы есімшелі етістік арқылы берілген. Бірінші бастапқы сөйлемде *-ды* қосымшасы сөйлемге модальдылық сипат беріп тұрса, екінші мысалда басты кейіпкердің іс-әрекетін бірыңғай мүшелермен (*ит жүгіртіп, құс салып, мылтық атып жүргенде*) тізбектей беріп, оның шынға бергісіз өтірігінің кеңінен жайылғанын білдірсе, үшінші мысалда әңгіменің бір нәрсе жайынан тез басталып кеткенін, соңғы мысалда кейіпкердің бір істен екінші іске ауысуын білдіріп сөйлемдерге ерекше стильдік әр беріп тұр. Ғалымдар Р.Әмір, Ж.Әмірова: «Жедел өткен шақ етістіктен жасалған баяндауышты стильдік ая таңдамай еркін жұмсалатын негізгі форма деп есептейміз», — деп атап көрсетеді [2; 122].

Бастапқы сөйлемдердің синтаксистік-стистикалық құрылымына стильдік реңк беруде *-тын, -тін, -ті* қосымшалары да жұмсалады: 1. *Совхоздың бас бухгалтері баласын үйлендіріп, кешелі-бері бұл ауыл той дүрмегімен қапылуда-тын* (Б.Шаханов. Сырнай сазы). 2. *Тұс мезгілі-тін*

(С.Асылбеков. Әке). 3. *Жансейіт пен Бексейіт аттары ұйқас жандар болғанымен, бір селоның жерін жерлеп, суын сулағанымен, жас мөлшерлері де жиырма бестен не әртін, не бертін түйсетіндей межелес келгенімен, ара-тұра «сәлем» деп қолдарын әуелете селтеңдетіскендері болмаса, ет-бауыр жақын, етене таныс емес-ті* (Е.Қонарбаев. Көршілер).

Сөйлем мағынасы бұл қосымшаларсыз бұлдыр, әрсіз қабылданатын сияқты, ал *-тын, -тін, -ті* қосымшалары бастапқы сөйлемдердің семантикасына бір өзгеше үн қосып тұрғандай қабылданады. Автор бұларды болып жатқан оқиғаларға, баяндауларға модальдық мағына үстейтін стильдік әдіс ретінде пайдаланған. Ғалымдар Р.Әмір, Ж.Әмірова *-ған, -ген* тұлғалы баяндауыштар туралы: «*-ған, -ген* тұлғалы баяндауыштардың қызмет ерекшелігі — есімшеден жасалуына байланысты. Есімше іс-қимылды статикалық қалыпта, субъектіге тән қалып, сапа тұрғысынан атайды», — деп тұжырымдайды [2; 122]. Ғалым Ж.А. Жақыпов *-ған/ген, -қан/кен* қосымшалары туралы: «*-ған/ген, -қан/кен* тұлғалы есімшенің өткен шақтық мағынада қолданылатыны белгілі. Ал контексте мұның осы шаққа айналуында теориялық заңдылықтар бар. Ол заңдылықтар функционалды-коммуникативтік тұрғыдан түсінікті бола алады. Шақ категориясы грамматикада екі деңгейде қолданылады: 1. Морфологиялық шақ. 2. Синтаксистік шақ. Морфологиялық шақ етістіктің формасына ғана сүйенеді, контекст ықпалы шарт емес, ал синтаксистік шақ контекст басты шарт болып есептеледі», — [3] деп тұжырымдайды. Әрине, ғалымның шақ категориясын грамматикалық тұрғыдан осылай жіктеп қарауын соны да орынды айтылған пікір деп қабылдаймыз.

1. *Тұқат ояғанда, сағат тілі тоғызды көрсетіп тұрған* (Ө.Кәріпов. Мейрам сөзі). 2. *Бір бөлмеде тұратын төрт жігіттің үшеуі той жабдығымен ертелеу кетіп қалған* (Т.Нұрмағамбетов. Таңғы жауын). 3. *Алматының тымырсық түні маужырай толықсып, артынан тысырлап жаңбыр жауған* (Г.Сәрсенова. Тағдыр үкімі).

Бастапқы сөйлемдердегі есімшелі баяндауыштар статикалық қалыптағы жай-күйді оқырмандарына таныстырудан бастайды. Автор баяндауындағы бастапқы сөйлемдерде шиеленіскен оқиға жоқ. Ал мына мысалдардағы бастапқы сөйлемдерінің есімше баяндауыштары өзінен кейін болатын оқиғаға жол сілтейді: 1. *Жолаушылар поезы екпіндей кеп, бүйірін соға тоқтаған бетте-ақ, Жуатәлі де таласа-тармаса ішке енген* (М.Сқақбаев. Қайыркеш). 2. *Оқып жүрген кезіндегі жазғы практикада Гурьевте болғанда, Ақтай сондағы балық комбинатында Гүлжәмш деген қызбен танысқан* (Б.Аманшин. Адасқан хат). Басты кейіпкердің басынан өтетін жағдай әрі қарай *ішке енгеннен* кейін басталатынын сөйлем семантикасынан, есімшелі баяндауышқа аяқталған сөйлем мазмұнынан түсінеміз. Екінші мысалда, бірінші мысалдағыдай, есімшелі баяндауыш сөйлемді тек шартты түрде аяқтағанымен, сөйлемде әлі айтылмаған ойдың ұшығы жатыр. Оқырмандарын жалықтыратын бірсарындылықпен бастамай авторлар өзіндік стильдік әдісті тиімді пайдаланған. «Есімшенің *-ған* жұрнақты өткен шақ формасынан жасалған баяндауыштар оқиғаның болып өткендігін ғана емес, қазіргі уақытқа да жалғасты, сабақты болатынын да аңғартады» [4].

Өткен шақ мәнмәтінде осы шақ қызметінде жұмсала алады: 1. *Әркім өзінің үйленгенін айтып жатты* (Б.Соқпақбаев. Мен қалай үйлендім). 2. *Аудандық партия комитетінің бірінші секретары асығыс жиналып жатты* (Н.Қапалбеков. Қара жол). 3. *Кезінде ұзақ жыл облыс басқарған, министр тағына да отырып көрген Аймағамбет Есқараев пенсияға шыққан соң, Алматының тау жақ бөктеріне саяжай-коттедж салдырып, өзінің ең соңғы зейнетті өмірін өткізіп жатты* (Қ.Жұмаділов. Дөңгеленген дүние-ай) деген бастапқы сөйлемдердің етістік-баяндауыштары жедел өткен шақ (*-ты*) тұлғасында (негізгі етістікпен тіркестіре) берілсе де, олар осы шақтағы оқиғаны білдіріп тұр. Бұлардан оқырман автор баяндап отырған оқиғаны, жағдайды анық көріп отырғандай сезімде болады. Бұл етістік информемалардың өздерінен кейін айтары мол: әңгіме желісі осыларға жалғаспақ.

Етістік баяндауыштардың сөйлемді шартты түрде аяқтап, мағыналық жағынан әлі айтары бар болып түзілуі әңгіме жанрының бастапқы сөйлемдерінде жиі кездеседі. Өзінен кейін айтары бар бұл құбылыс әңгіменің соңғы шеніндегі аяқтаушы бірліктердің соңғы сөйлеміне де тән құбылыс екені байқалды. Демек, автор әңгімесін аяқтаса да, соңғы сөйлем мазмұны жағынан да, етістік баяндауыштарының грамматикалық мағынасына қарай да айтылатын ойдың әлі де жалғасы барын байқатып тұрады. Әңгіме автор үшін тәмамдалады да, оқырман үшін ол (көркем шығарма) толығымен аяқталмағандай ыңғай танытады. Мұндайда әңгіме финалын оқырман кейде өз топшылауы, өзіндік дүниетанымы, өмірден түйгендері т.б. бойынша қорытуы да мүмкін.

1. *Ақпанның сақылдаған сары аязында ақын жігіт аңыратып көктем туралы жыр оқып келе жатты* (Т.Нұрмағамбетов. Бұлақ). 2. *Ой мен қырды елер емес, әкесінің қиялы жетіп, қолы тимеген*

сүбелі тыңға тартып барады (Ж.Кейкин. Мұрагер). 3. Осы күйдің бәрін сезіп ішіне бүккендей «Қазотының» кең жазығы тым бұйығы қарауытып, тылсым мүлгиді. Ал «Абайкөк» әлі айтылып келе жатқан (Б.Шаханұлы. Аяштың Абайкөгі). 4. Қараңдаған екеу ақырындап клубтың сыртына қарай жүре бастады (С.Мұратбеков. Жанболат).

Авторлар әңгімелерінің шешімін ашық қалдырған, демек оқиғаға қатысты нақты нәтиже айтылмай, оқырманның өз қалауы бойынша топшылауына мүмкіндік берілген. Мәселен, сыншы Б.Майтанов «Психологизм — прозадағы жаңашыл арна» деген ғылыми мақаласында соңғы мысалымыз С.Мұратбековтың «Жанболат» әңгімесінің: «Клубта ағасы мен жеңгесіне бос орын тауып отырғызған Жанболат өзі ештеп сытылып сыртқа шығып кетті. Кешікпей «Жәмила!» — деген даусы естілді оның. «Мен мұндамын!», — деді қыз. Қараңдаған екеу ақырындап клубтың сыртына қарай жүре бастады» деген соңғы жолдарын (абзацын) келтіріп: «Шығарма осымен бітсе де, баяндаушының жас серігіне арнар таза ықыласы, ақ пейілі үзілмей жалғаса беретіндей», — деп жазады [5]. Осы тәрізді жыр оқып келе жатты, сүбелі тыңға тартып барады, «Абайкөк» әлі айтылып келе жатқан тіркесімдері де оқырманға жанды сурет келбетін көрсетіп қана қоймай, оқиғаның әрі қарай әлі де жалғасы барын және оның қалай аяқталуға тиіс екенін аңғартады. Соңғы сөйлемдердегі етістік-баяндауышқа байланысты айта кететін тағы бір жайт — баяндауыштар есімшенің келер шақ жасайтын *-ар*, *-ер* жұрнағын, көсемшенің ауыспалы осы шақ жасайтын *-е* қосымшасында тұрып, «болашақтан үміт күтеді». Соңғы сөйлем әңгімені қорытып, тұжырымдамай, кейіпкердің мақсат-тілегінің қалай орындалатынын болжауды оқырман еншісіне қалдырады. Ғалымдардың «істің болашақта болу, болмауы кесіп айтылмай, болжау, шамалау мәні *-ар* тұлғалы есімшелермен беріледі», — деуі де сондықтан [6; 163].

Мысалдар:

1. Кім білген, сол бір атаусыз да, арзымсыз жылдар, аты жоқ адамдар туралы қариялар, мүмкін, енді шешіліп, енді ағытылар (М.Есламғалиұлы. Аты жоқ адам). 2. Қой-қырқым науқаны өтер. Ел пунктен көшер. Сонда келер бір жылдары Қамбар қасқаның сүйегі қалған жұртқа бұрын-соңды ешкім көріп-білмеген гажайып қарақасқа гүлдер өсіп шығар... (Ш.Мұртаза. Көкемарал гүлдегенде). 3. Биыл өткен жылдағыдан екі есе көбейген қой отарлары Бұйрат құм өзектерін қойға толтырар (С.Беғалин. Қой ұйытқысы қоныс).

Есімшенің *-ар* жұрнағы соңғы сөйлемдерге эмоционалды-экспрессивті рең жамап, істің орындалуын алдағы күндерге меззейді. Бірінші мысалдағы модальдік сөздер (*кім білген*, *мүмкін*) баяндаушының мақсат-тілегінің болашақта іске асуын *-ар* жұрнағы жалғанған есімше баяндауыш арқылы білдіріп тұр. Екінші мысалдағы соңғы абзац баяндауыштары (*өтер*, *көшер*, *өсіп шығар*) қатарынан есімше тұлғасында келіп оқырманына ерекше әсер етіп, стильдік қызмет атқарып тұр. Баяндауыштардың бір формалы, тұлғалас келуі мәнмәтінге ерекше сипат беріп тұр. Ғалымдарымыз есімшенің бұл жұрнағының қызметі туралы: «Қазақтың халық тілінде *-ар* тұлғалы есімшелер әр қилы мағынада, неше түрлі қисында жұмсалады. Соның бір көрінісі — мақал-мәтел құрамында және ауыз әдебиеті мен бұрынғы ақын-жазушылар тілінде қолданылу ерекшеліктері», — деп жазады [6; 164].

Соңғы мысалдағы келер шақ тұлғасындағы етістік баяндауыш тілек-мақсатты білдіріп тұр. Бұндай құрылымды соңғы сөйлемдер оқырмандарды да ағысты арманға елітіп, өзімен бірге ойландырады, алдағы өмірдің тамаша болатындығына үміт артқызады, оған оқырмандарын да сендіргісі келетіндей.

Соңғы сөйлемдерде *-н* бара жатты аналитикалық форманты жиі қолданылып, іс-қимыл, оқиға оқырманның көз алдына болып жатқандай әсерде қалдырады: *Ойыннан өрт шықты. Осыны енді ғана пайымдаған ол Сандалкөкті кілт бұрып, Мітісбектің ауылына қарай шауып бара жатты. Бұрыл тартқан жусанды далада Сандалкөк теңбілденіп, бірте-бірте қарайып бара жатты* (Т.Әлімқұлов. Қаралы қызық). 2. *Осы бір лағынет атқан жалғыздық кебін ол қалай да үзе алмай кетем бе деп күрсінсе, көкірегі қарс айрылатын... Өмір деген зымырап ағып жатты* (К.Рақымжан. Жалғыздық).

Мысалдардағы *-ып*, *-іп* бара жатты аналитикалық форманты іс-әрекеттің өтілу барысын, дәл қазір болып жатқандай, іс-қимылдың осы шақтағы көрінісін, баяндаушы дәл қазір айтып тұрғандай мағынаны білдіреді. Әңгіме аяқталса да, авторлар оқырманын әсерлі сезімде қалдырып, жанды бір көріністі елестетеді. Соңғы сөйлемдердегі *-ып*, *-іп* бара жатты күрделі аналитикалық форманты біртұтас грамматикалық мағынада тұрып, іс-қимылдың нақ қазір болып жатқандай өтілуімен, көрсетуімен экспрессивті. Соңғы сөйлемдерде автор баяндауындағы *-дай*, *-дей* қосымшасымен берілген баяндауыштар да сөйлемге айрықша бір сипат, интонациялық жағынан өзіндік бір әуен

үстеп тұрғандай болады: *Табиғаттың жазықсыз шетінеген шерлі перзенттері шалғайда сыңсып жатқандай* (Т.Әлімқұлов. Сары сыбызғы). 2. *Ал, туы, сонау шырқау биікте қара ноқат қалықтап жүр. «Ол қыран» дейміз барлығымыз да бір ауыздан. Қанат қақпайды, көк жүзінде еркін жылжиды. Бүкіл даланы үстінен шолып жүргендей* (С.Мұратбеков. Қыран құс көк жүзін шарлап кетті). Бұл мысалдардағы *-дай, -дей* тұлғалы баяндауыштар автордың негізгі ойын, әңгіменің идеялық түйінін нақты көрсету үшін жұмсалған. Ал мына соңғы сөйлемдердегі *-дай, -дей* формалы есімше баяндауыштар авторлық тұжырымды, қорытылған ойдың бір белгісін білдіреді: 1. *Хадисша Валяны қолынан жетектеп, қыстай құлыптаулы тұрған өз үйіне қарай осыға адымдады. Асықпаса, адасып барып тапқанынан айрылып қалатындай* (Ш.Мұртаза. Бір нәзік сәуле). 2. *Жиналыс біткен соң, Женяны қолтықтап үйіне дейін әкелдім. Ешқайсымыз ләм демедік. Жұлдызды аспан, хош иісті ауа бой сергіткендей* (Б.Тоғысбаев. Операция).

Бірінші, екінші мысалдардағы *-дай, -дей* тұлғалы баяндауыштар, автордың негізгі ойын, әңгіменің идеялық түйінін нақты көрсету үшін жұмсалған.

Бұл *-дай, -дей* тұлғалы есімше баяндауыштың қолданылуы соңғы сөйлемдерде жиі болса, бастапқы сөйлемдерде аса сирек: 1. *Тас төбеге тырмысып шыққан күн тапжылмай тұрып қалғандай* (К.Жүністегі. Тұлпар тағдыры). 2. *Үп еткен желі жоқ, түстік жақтың қапырық түні бір жұтым салқын самалға зар қылғандай* (К.Жүністегі. Кездесу).

Соңғы сөйлемдердегі сөз болып отырған тұлғадағы баяндауыштар әңгіменің соңғы шенінің мазмұнына сай, белгілі бір стильдік мағынада қолданылса, ал бастапқы сөйлемдерде табиғат құбылысын суреттеуге арналған.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Әзімжанова Г.* Көркем проза тіліндегі етістіктің стилистикасы: Филол. ғыл. канд. ... дис. — Алматы, 1998. — 40-б.
- 2 *Әмір Р., Әмірова Ж.* Жай сөйлем синтаксисі. — Алматы: Санат, 1998. — 192-б.
- 3 *Жақыпов Ж.* Сөйлеу синтаксисінің сипаттары. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 1998. — 143,144-б.
- 4 *Әбдуова Б.* Тарихи романдар тілінің көріктеуші амалдары. (І.Есенберлин шығармалары бойынша): Филол. ғыл. канд. ... дис. — Астана, 2000. — 76-б.
- 5 *Майтанов Б.* Психологизм — прозадағы жаңашыл арна // Уақыт және қаламгер. — Алматы, 1980. — 201-б.
- 6 *Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б.* Қазақ тілінің стилистикасы. — Алматы, 1966. — 205-б.

М.К.Жунусова, Б.М.Рахимова

Представление начальных и конечных предложений жанра рассказа в авторском повествовании

В статье рассмотрено частое употребление форм собственно-настоящего времени в начальных предложениях авторского повествования в жанре рассказа. Доказано частое функционирование в начальных предложениях жанра рассказа глагольных сказуемых, оканчивающих предложение в условном виде, как бы показывая незавершенность в смысловом отношении. Кроме того, раскрыта следующая особенность: если сказуемые в конечных предложениях в соответствии с содержанием последнего предложения рассказа используются в определенном стилистическом значении, то в начальных предложениях они служат для описания природных явлений.

M.K.Zhunusova, B.M.Rakhimova

Presentation of the initial and final proposals story genre in the author's narrative

This article refers to the more frequent use of forms of property present in the initial proposals of the author's narrative in the genre of the story, as well as giving them the suggestion of expressive color. Proved a frequent operation in the initial proposals of the genre narrative verbal predicates graduating proposal in the form of a conditional, as if to show a semantically incomplete. The paper also addresses the following feature: if predicates in the final proposals in accordance with the contents of the last sentence of the story used in a certain stylistic value, the initial proposals are intended to describe natural phenomena.